

Табиғи газдар құрамында 93-98%-ға метан, 2% дейін этан және 1%-ға дейін пропан болады. Пиролиз үшін тек этан мен пропан жарамды болғандықтан, табиғи газдар пиролиздің құндылығы төмен шикізаты болып табылады. Ілеспе газда және мұнайдың тұрақтанған өнімдерінде 60-70% этан, пропан және аса жоғары қайнайтын парафинді көмірсутектер болады, сондықтан да олар құнды пиролиздік шикізат болып табылады. Кейде пиролизге бүкіл ілеспе газды түсірмей, тек одан бөлінген этан, пропан және бутанды түсіреді.

Пиролизге пайдаланылатын мұнай өңдеу өнімдеріне тіке айдау бензині мен ароматты көмірсутектердің экстракциялау қондырғыларынан алынатын бензин жатады. Бензиндік фракцияларды пиролиздеу кезінде қосымша құндылығы жоғары өнімдер - бутадиен, бутилендер, ароматты көмірсутектер, күйе мен нафталин өндіруге қажетті шикізат алынады.

Құбырлық пештерде пиролиз шикізаты ретінде керосин-газойльдік фракциялардың пайдаланылуы мүмкін. Бірақ та бұл шикізат алдын ала дайындауды, күкіртті қосылыстардан тазартуды және деароматтауды қажет етеді.